

«Келісілді»

Облыстық психикалық деңсаулық орталығының

Басшысы

А.Салимбеков

— сәуір 2023 ж



Түркістан облыстық психикалық деңсаулық орталығы кәсіпорын
қызметкерлерін қамти отырып өткен жиналыштың
ХАТТАМАСЫ

Шымкент қаласы

24 сәуір 2023жыл

Төрағасы: Б.Махан – кәсіпорын зангері

Хатшы: Адилбаев Д – кәсіпорында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс қызмет функцияларын орындайтын маман

Қатысқан адамдар саны: 35

Күн тәртібінде:

1. «Қазақстан Республикасы 2015-2025 жылдарға арналған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес стратегиясы: негізгі мақсаттар және міндеттер» атты тақырыпта семинар кеңестің өтілуі туралы.

Тындалды: Адилбаев Д

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы іске асыру мақсатында «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы он үдерістер» атты тақырыпта баяндама оқыды. Баяндамада осы күнге дейінгі сыйбайлас жемқорлыққа тосқауыл қою мақсатында көптеген іс-шаралар жүзеге асырылып жатқанын мәлімдеді. Атап айттын болсақ Қазақстандық мемлекет дамуының алдыңғы кезеңдерінде жалпы мойындалған нәтижелерге қол жеткізгені туралы, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ісінде айқын он үдерістер байқалды. Бұл ретте алдын алу-профилактикалық қызмет жаңа құрылған орган үшін басымды болып табылды. Баяндама барысында қазіргі таңда жазадан ешкімніңде бұлтартпастығы қағидаты туралы түсіндіріп өтті.

Дәрігерлер мен кіші қызметкерлерге арнағы дайындалған жемқорлыққа қарсы күрес бойынша паракшалар көрсетіліп таратылды. Баяндама барысында осы сала бойынша мекеме қызметкерлері өз сауаттылықтарын одан ары дамытты деп ойлаймын.

Тындалды: Б.Махан «Шешімін талап ететін проблемалар» тақырыбында баяндама оқыды. Баяндамашы қазіргі таңда шешімін таппаған сұрақтар мен проблемалардың бар екендігі жайлы айтып кетті. Сыйбайлас жемқорлық проблемасы барлық елдерде бар, ол әлеуметтік – экономикалық ілгерілеуді баяулатып, тек өзіне тән көріністермен және ауқымымен ерекшеленеді. Қазіргі таңда заң аясында көптеген жұмыстар

атқарылып, көптеген адамдар жауапқа тартылып жатқандығын ескеретін болсақ, сонда да елімізде жемқорлық дерті өршіп тұрғандығы айтылды. Жемқорлық бойынша тек бір тарап қана емес екінші тарапта жауапты екендігі туралы айттылды. Алдын алу – профилактикалық жұмыста да жүйелік жоқ. Осы орайда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган үшін қылмыстық қудалауға қарағанда, сыйбайлас жемқорлық көріністерінің себептері мен жағдайларын айқындау мен жоюға бағытталған алдын алу шараларын әзірлеу және қабылдау басымдық болуы тиіс екендігі туралы тоқталып кетті.

Сөйлемді: жүйе әкімшісі Беймішев М

Жемқорлық қазіргі таңда еліміздің экономикасына кері әсерін тигізіп жатқан үлкен мәселердің бірі екендігін атап айтты. Кез-келген адам өз құқығын білу керектігін және барлық зандарды жетік білу керектігін көрсетті. Барлық қызыметкерлерге осы семинар арқылы әр адам Жемқорлыққа жоқ деп айта алатындау сауатты және саналы болуы керектігін түсіндірді.

Шешім:

1. Қазақстан Республикасы Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бүйрүкпен бекітілген квазимемлекettік сектор субъектілеріндегі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережесі талқыланып кәсіпорынның бөлімшелеріне ақпараттық әдістемелік материалдар таратылды.
2. Кәсіпорын қызыметкерлерімен өткен «Қазақстан Республикасы 2015-2025 жылдарға арналған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес стратегиясы: негізгі мақсаттар және міндеттер» тақырыбында өткен жиналыс қанагаттанарлық деп танылсын.
3. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстар одан ары қарай жандандырылсын.

Хатшы: Адилбаев Д